ҚАЗАҚ ЗАҒИПТАР ҚОҒАМЫ ОРТАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ

ЖУРНАЛ ЦЕНТРАЛЬНОГО ПРАВЛЕНИЯ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА СЛЕПЫХ

АЛТЫ НҮКТЕ

тамыз-август, 2026 (103)

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ:

МАҢЫЗДЫ – ЕЛ ӨМІРІНЕН
ВАЖНОЕ В ЖИЗНИ СТРАНЫ

Президент Қ. Тоқаев бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйледі

Орталық сайлау комиссиясы ҚР Құрылтайының депутаттарын тіркеді

Құрылтайдағы депутаттардың үштен бірі – әйелдер: Қазақстанда тарихи көрсеткіш тіркелді

Қазақстан – Орталық Азияда аналарды әлеуметтік қолдау деңгейі ең жоғары елдердің бірі

БІЛУ КЕРЕК
НУЖНО ЗНАТЬ

Еңбек министрлігінде мүгедектік неге әртүрлі мерзімге белгіленетіні түсіндірілді

ҚАЗАҚ ЗАҒИПТАР ҚОҒАМЫ ӨМІРІНЕН
ИЗ ЖИЗНИ КОС

Г. Анаятова. «Өзіңді қабылда – өз мүмкіндіктеріңді аш»

Г. Анаятова. Өз қолыңызбен сезінетін қыш шеберлігі

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР
ОБЩЕСТВО И ЛЮДИ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Қазақстан – Қытай: инклюзия және оңалту технологиялары саласындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері

31,6 мыңнан астам әлеуметтік инфрақұрылым нысаны мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделді

АРНАЙЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР –
ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ЛИЦ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Ученые изобрели глазной имплант, способный частично восстановить зрение

АТА-АНА МЕН БАЛА
РОДИТЕЛИ И ДЕТИ

Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту жобасы еліміздің тағы төрт өңірінде іске қосылады

Солтүстік Қазақстанда мүгедектігі бар балаларды сүйемелдеудің жаңа тәсілі енгізіледі

Кто такие фудкортницы, как они выглядят и сколько им лет

ИСТОРИЯ

От новой Конституции к новой системе власти: ответственность первого Курултая. Интервью

ПРОЗА

Нағашыбек Қапалбекұлы. Әңгіме. Томар

Владимир Ивановский. Рассказы из жизни незрячих. Давайте пообщаемся

КИНО

М. Джакупов. Обзор фильма “Музыка внутри”

САУСАҚ ҰШЫНДАҒЫ АСПАЗДЫҚ
КУХНЯ НА ОЩУПЬ

Компания «Газпром бытовые системы» представила специализированные плиты для слабовидящих и незрячих людей

СПОРТ

М. Жанысбаев. Сила, которая не измеряется только килограммами

САЯХАТ
ПУТЕШЕСТВИЕ

Почему для незрячего человека важен хороший вид из окна отеля: истории российских путешественников с нарушением зрения

*** *** ***

МАҢЫЗДЫ – ЕЛ ӨМІРІНЕН
ВАЖНОЕ В ЖИЗНИ СТРАНЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйледі

Мемлекет басшысы бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясын ашық деп жариялап, депутаттарға табыс тіледі. Президент еліміз даму жолында аса маңызды кезеңге қадам басқанын атап өтіп, бір палаталы заң шығарушы органның қызметіне кірісуі, шын мәнінде, мән-мағынасы айрықша тарихи оқиға екенін жеткізді.

– Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз. Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі. Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ қате болмас, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасында іргелі реформалар қолға алынып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленгеніне назар аударды.

– Индустрияландыру қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді. Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны ашылып жатыр. Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды, – деді ол.

Президент Әділетті, Күшті Қазақстанды құру баршаға ортақ міндет екеніне тоқталып, депутаттардың осы жолда табанды еңбек ететініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Конституцияда бекітілген қағидаттарға сай, еліміздің заңнамасын жаңғырту қажеттігін атап өтті. Бұл заң шығару үдерісінің тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы сөз соңында Құрылтайға атқарушы және сот билігін қалыптастыру, ел тағдырын айқындайтын стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешу жөнінде аса ауқымды құзырет берілгенін айтты.

https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaev-birinshi-shakyrylymdagy-kuryltaydyn-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soz-soyledi-2873622

Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын тіркеді

28 тамызда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының XVI отырысы өтіп, онда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары тіркелді. Іс-шараға Құрылтайдың сайланған барлық депутаттары қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес «2026 жылғы 23 тамызда өткен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлаудың қорытындыларын белгілеу және сайлаудағы дауыс беру қорытындылары бойынша депутаттық мандаттарды бөлу туралы» мәселе қаралды.

Отырысты ашқан Нұрлан Әбдіров нақтыланған тізімге сәйкес сайлаушылардың жалпы саны 12 623 289 адамды құрағанын атап өтті. Дауыс беру күні азаматтардың өтініштері бойынша,

сондай-ақ сайлау учаскелеріндегі тіркеу туралы мәліметтерді тексеру және азаматтарды учаскелердің мекенжайлары бойынша 1 тәулікке уақытша тіркеу жөніндегі онлайн-сервистер арқылы 17 501 адамға дауыс беру мүмкіндігі берілді. Сайлауға барлығы 9 351 539 адам қатысты, бұл тізімге енгізілген барлық сайлаушы санының 74,08%-ын құрайды.

Айта кетейік, 15 наурызда өткен референдум науқанымен салыстырғанда, осы сайлауда дауыс берген сайлаушылар саны 224 357 адамға артты. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы бұл көрсеткіш халықтың электоралдық мәдениет деңгейінің өскенін көрсететінін атап өтті.

Сонымен қатар, 85 576 адам үйден дауыс берді, ал есептен шығару куәлігін алған азаматтардың 88%-ы дауыс берді.

Бюллетеньдерді санау қорытындысы бойынша сайлаушылардың дауыстары төмендегідей бөлінді:

«Әділет» партиясы – 6 528 948 дауыс немесе 71,17%;

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 469 058 дауыс немесе 5,11%;

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 97 751 дауыс немесе 1,07%;

Қазақстан Халық партиясы – 285 395 дауыс немесе 3,11%;

«Ауыл» партиясы – 574 621 дауыс немесе 6,26%;

«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 478 083 дауыс немесе 5,21%;

«Respublica» партиясы – 509 631 дауыс немесе 5,56%;

«Бәріне қарсымын» – 230 446 дауыс немесе 2,51%.

ОСК Төрағасы сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес сайлаушылардың 5 және одан да көп пайыз дауысын жинаған бес саяси партия арасында депутаттық мандаттар бөлінетінін атап өтті.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының 145 мандаты төмендегідей бөлінді: «Әділет» партиясы – 110 мандат; Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 8 мандат; «Ауыл» партиясы – 10 мандат; «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 8 мандат; «Respublica» партиясы – 9 мандат.

ОСК басшысы саяси партиялардың өкілдерінің назарын депутаттық мандаттардың партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасында бөлінуі тиіс екеніне аударды. Сонымен қатар Орталық сайлау комиссиясы әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар үшін 30 пайыздық жиынтық квотаны көздейтін конституциялық заң талаптарының сақталуын қатаң бақылауда ұстайтынын атап өтті.

«Құрылтай сайлауы жалпыұлттық қолдауға ие болған конституциялық реформаның қорытындысы бойынша жаңартылған сайлау заңнамасына сәйкес өтті. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, сайлау науқаны белсенді әрі еркін жағдайда өтті. Азаматтардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың еркін ерік білдіруі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды. Халықаралық байқаушылар сайлау органдарының сайлаушыларды ақпараттандыру бойынша ауқымды әрі инклюзивті науқан өткізуін, сайлауға тиімді дайындық жүргізуін және дауыс беру күнін ұйымдастыруын да жоғары бағалады», – деп атап өтті Нұрлан Әбдіров.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы сайлауды өткізу барысында еліміз бойынша учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің атқарған зор рөлін де атап өтті. Бұл жұмысқа 247 аумақтық және 10 423 учаскелік сайлау комиссиясы тартылды. Олардың құрамына 71 мыңнан астам комиссия мүшесі кірді. Бұл ретте олардың 1%-дан азы ғана сайлау комиссияларында тұрақты кәсіби негізде жұмыс істейді. Орталық сайлау комиссиясы комиссия мүшелерін, байқаушыларды, саяси партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін оқыту үдерісіне үлкен мән береді. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде сайлау заңнама талаптарына толық сәйкес өткізілді.

«Сайлау науқанының барлық кезеңі сайлау процесін ұйымдастырудағы негізгі қағидаға айналған «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде ұйымдастырылды. Дауыс беру күні сайлау рәсімдеріне 51 мыңнан астам ұлттық байқаушы және шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан 777 байқаушы байқау жүргізді. Сайлау учаскелерінде сайлау барысын жариялаған шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де болды. Оның ішінде қазақстандық БАҚ-тың 1 852 өкілі және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының 117 журналисі қатысты. Сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге атсалысқан баршаңызға алғысымды білдіремін», – деп атап өтті Орталық сайлау комиссиясының төрағасы.

Отырыстан кейін Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің қатысуымен бұқаралық ақпарат құралдары үшін дәстүрлі брифинг өтті. Брифинг барысында олар журналистердің барлық сұрақтарына жауап берді.

https://www.election.gov.kz/kaz/news/releases/index.php?ID=10587

Құрылтайдағы депутаттардың үштен бірі – әйелдер: Қазақстанда тарихи көрсеткіш тіркелді

Құрылтай құрамындағы әйелдердің үлесі 33,8%-ға жетті. Сайлау қорытындысы бойынша 49 әйел депутат атанды. Бұл парламенттегі 18,9% көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Қазақстанда әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі үлесі артып келеді. Мемлекет әйелдердің шешім қабылдау үдерістеріне көбірек араласуына және көшбасшылық әлеуетін дамытуына жағдай жасап отыр. Осы бағытта 2024 жылы еліміздің барлық өңірінде әкімдердің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшілері тағайындалды.

Сондай-ақ сол жылы үкімет ерлер мен әйелдерге тең құқықтар мен мүмкіндіктер беруге бағытталған іс-қимыл жоспарын бекітті. Құжат білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау салаларын қамтитын 46 нақты шараны қарастырады.

Әйелдердің саяси көшбасшылығын дамытуға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Мәселен, президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен 2022 жылы "Томирис" ақпараттық-білім беру бағдарламасы іске қосылды. Бүгінде бағдарлама бойынша еліміздің барлық өңірінен 1670-тан астам әйел білім алды.

Әйелдердің саяси көшбасшылығын күшейтуге бағытталған жұмыстар да жалғасып жатыр. Биыл мамыр айында мәдениет және ақпарат министрлігі мен "БҰҰ-Әйелдер" құрылымының бірлескен жобасы аясында Астана мен Алматыда арнайы тренингтер ұйымдастырылды. Оған қатысқан 60-қа жуық әйел саяси және көшбасшылық дағдыларын жетілдірді.

Құрылтайдағы әйелдер санының артуы олардың саясаттағы рөлін күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі. Осы бағыттағы шаралар алдағы жылдары да жалғасады.

2026-2028 жылдарға арналған "Әйелдер. Бейбітшілік. Қауіпсіздік" күн тәртібін іске асыру жоспарына 40 іс-шара енгізілген. Олар әйелдердің шешім қабылдау үдерістеріне қатысуын кеңейту, көшбасшылығын дамыту, зорлық-зомбылықтың алдын алу, цифрлық қауіпсіздігін күшейту және тұрақты дамуға қатысуына мүмкіндік беруге бағытталған.

Еске салайық, бұған дейін былтыр Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесінде әйелдердің үлесін саралап, министрліктердегі, парламенттегі және басқа да мемлекеттік органдардағы басшылық қызметтердегі гендерлік теңдікті қарастырған едік. Сол кезде әйелдер жоғары лауазымдарда біртіндеп көбейіп келе жатқанымен, шешім қабылдайтын негізгі позицияларда ерлердің басымдығы сақталғаны байқалды.

Айым Атамбаева

https://stan.kz/quryltaidagy-deputattardyn-usten-biri-aielder-qazaqstanda-tarixi-korse-438994/

Қазақстан – Орталық Азияда аналарды әлеуметтік қолдау деңгейі ең жоғары елдердің бірі

Қазақстан – бүгінде Орталық Азия елдері арасында аналарды әлеуметтік қорғау деңгейі жоғары мемлекеттердің бірі. Елімізде жүктілікке және босануға байланысты төленетін әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері 2 миллион теңгеден асады. Бұл қолдау шарасы ресми жұмыспен қамтылудың маңызын арттырып, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ арқылы әлеуметтік төлемдерді тағайындау жүйесін тұрақты түрде жетілдіріп келеді. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау процесі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің көмегімен жетілдірілуде. Негізгі мақсат – төлемдердің нақты құқығы бар азаматтарға әділ әрі уақытылы тағайындалуын қамтамасыз ету.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі әділдік пен өзара жауапкершілік қағидаттарына негізделген. Әлеуметтік төлемдердің мөлшері азаматтың ресми еңбек өтіліне, табыс деңгейіне және әлеуметтік аударымдарының көлеміне тікелей байланысты. Аталған төлемдердің заңнама талаптарына сәйкес тағайындалуын қамтамасыз ету мақсатында МӘСҚ деректерді бағалаудың

зияткерлік алгоритмдерін енгізді. Аталған тәсіл төлемдердің дұрыс есептелуін қамтамасыз етіп, жүйенің әділдігін күшейтеді.

Жаңа автоматтандырылған модель ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерінің деректерін біріктіру арқылы жұмыс істейді. Алгоритмдер әлеуметтік аударымдардың тарихын, табыс деңгейінің өзгеруін және еңбек қызметіне қатысты мәліметтерді талдайды. Соның нәтижесінде болашақ ананың еңбек өтілі мен нақты табысы расталған деректер негізінде әлеуметтік төлем мөлшері автоматты түрде есептеліп, төлемдерді тағайындау үдерісі дәлірек болады.

Цифрландыру мемлекеттік қызметті алу үдерісін барынша жеңілдетті. Ресми жұмысы және расталған тұрақты табысы бар әйелдерге құжат жинаудың немесе мемлекеттік органдарға жүгінудің қажеті жоқ. Әлеуметтік төлем мөлшері автоматты түрде есептеледі, ал оны тағайындау үшін 1414 бірыңғай байланыс орталығынан келетін SMS-хабарламаға келісім беру жеткілікті.

Осылайша, ресми жұмыспен қамтылу және әлеуметтік аударымдарды уақтылы төлеу жүктілік пен бала күтімі кезеңінде мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдауды толық көлемде алудың маңызды кепілі болып қала бермек.

https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1268663?lang=kk

БІЛУ КЕРЕК
ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ

Еңбек министрлігінде мүгедектік неге әртүрлі мерзімге белгіленетіні түсіндірілді

Азаматтарда неліктен бір адамға мүгедектік бір жылға, екіншісіне бес жылға, ал жекелеген жағдайларда қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленетіні туралы сұрақтар жиі туындайды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде мүгедектікті белгілеу мерзімі диагноздың өзіне емес, организм функцияларының бұзылуын және мүгедектігі бар адамның қабілеттерін қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктерінің болжамына байланысты айқындалатыны түсіндірілді.

Егер аурудың, жарақат салдарының немесе денсаулық жағдайының нәтижесінде организм функцияларының бұзылу дәрежесі емдеу және оңалту жүргізу нәтижесінде өзгеруі мүмкін болса, мүгедектік белгілі бір мерзімге белгіленеді. Бұл адамның жағдайын қайта бағалауға және оның функционалдық мүмкіндіктерінде өзгерістердің болған-болмағанын айқындауға мүмкіндік береді.

Қайта куәландыру кезінде мамандар денсаулық жағдайының динамикасын, жүргізілген емдеу мен оңалту шараларының нәтижесін, сондай-ақ тіршілік-әрекетінің шектелу дәрежесін ескереді. Осыған байланысты мүгедектік мерзімі қайта белгіленуі мүмкін.

Мерзімсіз мүгедектік заңнамада көзделген жағдайларда, организм функцияларының бұзылуы тұрақты, қайтымсыз және толық көлемде жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз болғанда, сондай-ақ оңалту әлеуеті болмаған кезде белгіленеді.

Осылайша, бірдей диагноздың болуы мүгедектіктің мерзімі де бірдей болады дегенді білдірмейді. Әрбір жағдай жеке қаралады. Шешім денсаулық жағдайын, организм функцияларының бұзылу дәрежесін және олардың қалпына келу мүмкіндігін кешенді бағалау негізінде қабылданады.

Граждане нередко задаются вопросом, почему одному человеку инвалидность устанавливается на один год, другому – на пять лет, а в отдельных случаях – без срока переосвидетельствования.

В Министерстве труда и социальной защиты населения РК разъяснили, что срок инвалидности определяется не самим диагнозом, а прогнозом реальных возможностей восстановления нарушенных функций организма и способностей лица с инвалидностью.

Если заболевание, последствия травмы или состояние здоровья могут измениться в результате проведенного лечения, реабилитации либо дальнейшего течения болезни, инвалидность устанавливается на определенный срок. Это позволяет повторно оценить

состояние человека и определить, произошли ли изменения в его функциональных возможностях.

При повторном освидетельствовании специалисты учитывают динамику состояния здоровья, эффект проведенного лечения и реабилитационных мероприятии, а также степень ограничений жизнедеятельности. В зависимости от этого срок инвалидности может быть установлен повторно.

Бессрочная инвалидность устанавливается в случаях, предусмотренных законодательством, когда нарушения функций организма являются стойкими, необратимыми и при неэффективности проведенных в полном объеме реабилитационных мероприятий и отсутствии реабилитационного потенциала.

Таким образом, одинаковый диагноз сам по себе не означает одинаковый срок инвалидности. В каждом случае решение принимается индивидуально и основывается на комплексной оценке состояния здоровья, степени нарушений функций организма и возможностей их восстановления.

https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1272232?lang=kk

ҚАЗАҚ ЗАҒИПТАР ҚОҒАМЫ ӨМІРІНЕН
ИЗ ЖИЗНИ КОС

«Өзіңді қабылда – өз мүмкіндіктеріңді аш»

Ағымдағы жылдың тамыз айында Қазақ зағиптар қоғамының «Жылы ұя» оңалту орталығында «Өзіңді қабылда – өз мүмкіндіктеріңді аш» атты психологиялық тренинг өтті. Оқытуды «Жылы ұя» оңалту орталығы көру қабілеті бұзылған адамдарды сауықтыру жөніндегі кешенді бағдарлама аясында ұйымдастырды. Тренингті жетекші психолог, СДУ университетінің психология оқытушысы Диана Карим жүргізді.

Тренингтің негізгі мақсаты – өзіне деген сенімділікті дамыту, өз тұлғасына деген оң көзқарасты қалыптастыру, ішкі ресурстар мен мүмкіндіктерді ашу, сонымен қатар қоғамда табысты әлеуметтену мен бейімделуге ықпал ету.

Негізгі назар адамның өзіне аударылды: оның ішкі әлемі, өзіне деген көзқарасы, басқалармен қарым-қатынасы және қоғамдағы орнын іздеу. Психологпен бірге қатысушылар өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі бағалау, қоғамда әлеуметтену және бейімделу туралы әңгімеледі. Сіздің жеке қасиеттеріңізді түсіну және қабылдау, бар шектеулерді ғана емес, ең алдымен сіздің қабілеттеріңізді, күшті және ішкі ресурстарыңызды көру қаншалықты маңызды екеніне ерекше назар аударылды.

Қызықты тақырыптардың бірі адамды субъект және объект ретінде қабылдау болды: мен өзімді қалай көремін және басқалар мені қалай қабылдайды? Қатысушылар басқа адамдардың пікірлері өзін-өзі бағалауға қаншалықты әсер ететіні және өзін-өзі бағалау сезімін, өзіне деген сенімділікті және өмірде өз жолын анықтау құқығын сақтау неге соншалықты маңызды екендігі туралы ой қозғады.

Тренинг ашық және сенімді диалог форматында өтті. Қатысушылар сұрақтар қойып, өз ойларымен, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті, өздерін мазалаған жағдайларды талқылап, психологтан кәсіби ұсыныстар алды.

Ішкі кедергілерді жеңуге, өзіне деген сенімділікті дамытуға, басқалармен қарым-қатынас орнатуға және өз қабілеттерін көрсетуден қорықпауға көп көңіл бөлінді. Өйткені, табысты әлеуметтену сыртқы әлемге бейімделуден ғана емес, өзін түсінуден, құрметтеуден және қабылдаудан басталады.

Бұл тренинг қатысушыларға маңызды сұрақтар бойынша ойлануға мүмкіндік берді: Мен өзімді не бағалаймын? Менің күшті жақтарым қандай? Мен неге қол жеткізгім келеді? Менде қандай мүмкіндіктер бар және алға жылжу үшін бүгін не істей аламын? Мұндай іс-шаралар көру қабілеті бұзылған адамдарды кешенді оңалтудың маңызды бөлігі болып табылады. Олар ішкі әлеуетті ашуға, өзіне деген сенімділікті нығайтуға, психологиялық кедергілерді жеңуге, басқалармен оңай араласуға және қоғамдық өмірге белсенді араласуға көмектеседі.

Диана Кәрімге кәсібилігі, ашықтығы, достық атмосферасы және мазмұнды тренингі үшін алғыс айтамыз. Мұндай іс-шаралар біздің орталықтың игі дәстүріне айналады, қатысушылардың өзін жақсы түсінуіне көмектеседі және оларды дамуға, жаңа жетістіктерге және өмірдегі оң өзгерістерге шабыттандырады деп сенеміз.

Гүлмира Анаятова, «Жылы ұя» реабилитологы

Өз қолыңызбен сезінетін қыш шеберлігі

Ағымдағы жылдың тамыз айында Қазақ зағиптар қоғамының «Жылы ұя» оңалту орталығында көру қабілеті нашар жандарға арналған қызықты шеберлік сабағы өтті.

Тәжірибелі шеберлердің жетекшілігімен қатысушылар саз балшықпен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгеріп, өздерін құмырашы ретінде өз бетінше сынап көрді. Шеберлер әрбір қатысушыға жеке көңіл бөлді: олар жұмыс ретін түсіндірді, қолдарын дұрыс орналастыруға, материалды сезінуге және бұйымға қажетті пішінді беруге көмектесті. Құмыраның дөңгелегінде жұмыс істей отырып, әрбір қатысушы өз қолдарымен өз кесе, шағын құмыраны немесе басқа пішінді жасады. Қатысушылар процесті жай ғана бақылап қоймай, бұйымды жасаудың барлық кезеңдерін жанасу арқылы сезініп, сазбен өздері жұмыс істегені ерекше маңызды болды.

Көру қабілеті нашар адамдар үшін керамика ерекше құндылыққа ие. Балшықпен жұмыс тактильді қабылдауды, ұсақ моториканы, қозғалыстарды үйлестіруді, кеңістікті сезінуді және саусақтардың сезімталдығын дамытады. Сонымен қатар, шығармашылық процесс шоғырлануға ықпал етеді, демалуға, жаңа жағымды эмоциялар алуға және өз мүмкіндіктеріне сенімді сезінуге көмектеседі.

Көптеген қатысушылар үшін бұл жаңа және ерекше тәжірибе болды. Кәдімгі саз балшықтан бірте-бірте өз қолымен жасалған бұйымға қызығушылық, өз өнерін сынауға деген құштарлық және қуаныш сезімі ерекше қуантты.

Шеберлік сабағы достық және шығармашылық жағдайда өтті.Әркім өзін жаңа қызметте сынап көру, қиялын көрсету және шығармашылық қуанышын сезіну мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылар сабаққа және олардың алғашқы нәтижелеріне риза болды.

Мұндай іс-шаралар қолөнердің қызықты түрлерімен таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар көру қабілеті бұзылған адамдарға өз қабілеттерін ашуға, жаңа тәжірибе жинақтауға және шығармашылықтың барлығына қол жетімді екеніне тағы бір рет көз жеткізуге көмектеседі, бастысы - жаңа нәрселерді сынап көру және ашуға деген ұмтылыс.

Гүлмира Анаятова, «Жылы ұя» реабилитологы

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР
ОБЩЕСТВО И ЛЮДИ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Қазақстан – Қытай: инклюзия және оңалту технологиялары саласындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері

13 тамызда Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде министрлік басшылығы мен Қытайдың мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көмекші құралдар мен технологиялар орталығының делегациясы арасында кездесу өтті.

Жүздесу барысында тараптар әлеуметтік қорғау және оңалту саласындағы ынтымақтастықтың перспективалы бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, озық тәжірибе алмасу, заманауи цифрлық шешімдерді енгізу мен техникалық оңалту құралдарын өндіру, ассистивті технологияларды дамыту, сондай-ақ мамандар даярлау мәселелеріне назар аударылды.

Қазақстанда 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы кезең-кезеңімен іске асырылуда. Құжат тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, әлеуметтік инфрақұрылым мен қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, кедергілерді жоюға және мүгедектігі бар адамдардың дербес өмір сүруіне қажетті жағдай жасауға бағытталған.

Қазіргі таңда елімізде 756,2 мыңға жуық мүгедектігі бар адам тұрады. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – азаматтардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оңалту қызметтері мен техникалық оңалту құралдарының қолжетімділігі мен сапасын одан әрі арттыру.

Министрліктің мәліметінше, заманауи оңалту жүйесін дамыту инновациялық технологиялар мен халықаралық тәжірибені кеңінен қолдануды талап етеді.

«Біз оңалту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және тиімді технологиялық шешімдерді енгізуге мүдделіміз. Бұл ретте тәжірибе алмасу, маман даярлау, ассистивті технологияларды дамыту, өндірісті локализациялау және техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етудің заманауи тетіктерін сынақтан өткізу секілді шаралар маңызды бағыттар санатында. Басты міндетіміз – оңалту қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттырып, мүгедектігі бар адамдардың дербестігін кеңейтуге қосымша мүмкіндіктер жасау», – деп атап өтті ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері.

Кездесу барысында протездеу, ортездеу және ассистивті технологияларды дамытуға ерекше назар аударылды. Қытай тарабы практикалық өзара іс-қимылға, сараптамалық-техникалық тәжірибе алмасуға және бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екенін білдірді.

Бұл бағытта Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы маңызды рөл атқарады. Орталық оңалту, техникалық оңалту құралдары, протездеу және ортездеу салаларындағы жобаларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеумен қатар, инновациялық және цифрлық шешімдерді енгізу бағытында да жұмыс жүргізеді.

Қытайлық әріптестермен ынтымақтастық озық технологиялар мен кәсіби тәжірибе алмасуға, кадрлық әлеуетті арттыруға және Қазақстанда заманауи оңалту шешімдерін енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Тараптар сараптамалық тәжірибе алмасуды жандандырып, бірлескен жұмыстың нақты бағыттарын пысықтауға уағдаласты. Олардың қатарында технологиялар мен тәжірибе алмасу, мамандар даярлау, протездеу мен ортездеу ісін дамыту, ассистивті технологияларды енгізу және оңалту саласындағы заманауи шешімдерді сынақтан өткізу бар.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға, олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған заманауи тәсілдерді енгізуге бағытталған жұмысты жалғастырады.

https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1273959?lang=kk

31,6 мыңнан астам әлеуметтік инфрақұрылым нысаны мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделді

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді орта қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмысты жалғастыруда. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасының 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы, Жол картасы және Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылып жатқан «Халықпен бірге» жобасы аясында жүргізілуде.

2026 жылдың соңына дейін елімізде 34 573 әлеуметтік инфрақұрылым нысанын бейімдеу жоспарланған. Ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша олардың 31 673-і бейімделіп, бұл Қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілген нысандардың жалпы санының 73%-ын құрайды.

Бейімделген нысандар қатарында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдары, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ сауда және қызмет көрсету саласының объектілері бар. Бейімдеу жұмыстарын жүргізу барысында мүгедектігі бар адамдардың барлық санаты үшін кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

Қолжетімді орта қалыптастыру жұмыстары еліміздің барлық өңірінде жүргізілуде. Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік мекемелермен және бизнес өкілдерімен бірлесіп, азаматтардың қажеттіліктері мен өтініштерін ескере отырып, нысандарды қолжетімділіктің заманауи талаптарына сәйкес кезең-кезеңімен бейімдеуде.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылым нысандары мен мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділігін

қамтамасыз ету мақсатында кедергісіз орта қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды одан әрі жалғастырады.

https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1267593?lang=kk

АРНАЙЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ЛИЦ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Ученые изобрели глазной имплант, способный частично восстановить зрение

Ученые изобрели глазной имплант, который поможет слепым пациентам частично восстановить зрение. Об этом сообщает Financial Times.

Новая технология включает в себя камеру, установленную на специальных очках, которые носит человек. Она снимает изображение и проецирует его на беспроводной имплант. После этого имплант преобразует изображение в электрические сигналы, которые передаются в мозг.

Отмечается, что в клинических испытаниях более 80% пациентов с возрастной дегенерацией сетчатки показали значимое улучшение зрения, и даже смогли читать.

"Это первый случай, когда попытка восстановить зрение достигла таких результатов у такого количества пациентов", - сообщил один из исследователей.

Разработку финансировала американская компания Science Corporation, которая уже подала заявку на получение разрешения на клиническое использование технологии в США и Европе.

https://belta.by/tech/view/uchenye-izobreli-glaznoj-implant

АТА-АНА МЕН БАЛА РОДИТЕЛИ И ДЕТИ

Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту жобасы еліміздің тағы төрт өңірінде іске қосылады

2026 жылдың соңына дейін «ҚН Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту» жобасын Қазақстанның тағы төрт өңірінде іске қосу жоспарланып отыр. Қазір жоба Шымкент қаласында, Қызылорда, Павлодар және Абай облыстарында іске асырылып жатыр. Бүгінде жоба аясында 642 бала кешенді оңалту көмегімен қамтылған. Оның 500-інде оң нәтижелер байқалды.

Жоба 2024 жылдан бері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қатысуымен Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылып келеді. Басты мақсат – баланың оңалтуын үйде жалғастыруға мүмкіндік беру және осы кезеңде мамандардың қажетті қолдауын қамтамасыз ету.

Оңалту алдында мамандар баланың жағдайын, қажеттілігін және үйдегі мүмкіндіктерін зерделейді. Соған сәйкес балаға қажетті оңалту құралдары іріктеледі. Бұл арнайы кресло, вертикализатор, жүріп-тұру құралы немесе тренажер болуы мүмкін.

Қажетті құрал-жабдықтар отбасының үйіне дейін жеткізіледі. Оларды отбасы белгілі бір уақытқа ақысыз пайдаланады. Ата-аналарға құралдарды қауіпсіз қолдану әрі балаға қажетті жаттығуларды дұрыс орындау үйретіледі. Оңалту курсының ұзақтығы мен мазмұны әр баланың жағдайына қарай жеке белгіленеді.

Баланың жағдайындағы оң өзгерістер оның күнделікті қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерінің жақсаруына қарай ескеріледі. Ол үшін мамандар Бартел, FIM және негізгі қимыл-қозғалыс дағдыларының бұзылу деңгейлерін қолданады. Мысалы, баланың басын бұрынғыдан жақсы ұстай бастағаны, өздігінен отыра немесе тұра алғаны, аяғына сүйене бастағаны, жүру дағдыларының жақсарғаны назарға алынады.

Жоба аясындағы оңалту жұмыстарының нәтижесінде 138 бала басын жақсы ұстай бастаған, 83 бала өздігінен отыруды үйренген, 49 бала тірекпен жүре бастаған. Ал 35 бала өздігінен жүріп кеткен.

Оң нәтижеге қол жеткізген балалардың қатарында 2018 жылы туған Мақан Ғалымжан да бар. Ғалымжан жобаға қосылған кезде аяқ бұлшықеттерінің әлсіздігіне байланысты өздігінен тұра алмайтын. Ол тек тірек арқылы тік тұра алатын.

Оңалту барысында Ғалымжанмен Pronestander вертикализаторы және MyWay жүріп-тұру құралы арқылы арнайы жаттығулар жүргізілді. Уақыт өте келе аяқ бұлшықеттері күшейіп, денесін тік ұстауы мен аяғына салмақ түсіруі жақсарды. Оңалту курсы аяқталған соң Ғалымжан қолдаудың көмегімен жүре бастайды.

Маңызды ерекшелік баламен жұмыс оңалту орталығында ғана емес, үйде де жалғасады. Ата-аналарға арнайы жаттығулар мен қажетті ұсыныстар беріледі. Олар жаттығулардың орындалуын цифрлық күнделікке белгілеп отырады. Ал мамандар баланың нәтижесін қашықтан бақылап, қажет болған жағдайда оңалту бағдарламасына өзгеріс енгізеді.

Мұндай тәсіл шалғайда тұратын отбасылар үшін тиімді. Бала жаттығуларын үйде жасай береді. Ал ата-аналар қажет кезде мамандармен қашықтан сөйлесіп, кеңес ала алады. Бұл оңалту орталығына қайта-қайта барып тұруды азайтады.

Бүгінде жоба жүзеге асырылып жатқан төрт өңірде 405 техникалық оңалту құралы пайдаланылуда. Бұған қоса, жобаны Батыс Қазақстан облысында іске қосу үшін 8 құрал-жабдық жіберілді.

Батыс Қазақстан облысында жоба биыл қыркүйек айында іске қосылады деп жоспарланып отыр. Ал Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Ұлытау облысында жобаны жыл соңына дейін бастау көзделген. Қазір өңірлерде дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қажетті оңалту құралдары сатып алынып, балаларға үйде көмек көрсетуге қажетті жағдайлар жасалып жатыр.

Жаңа өңірлерде жобаға қанша бала қатысатыны дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін анықталады. Балалар жобаға жеке тәртіппен іріктеледі. Бұл ретте баланың денсаулық жағдайы, оңалтудың мақсаты, қандай құрал-жабдық қажет екені және сатып алынған техникалық құралдардың нақты саны ескеріледі.

Жобаның тағы төрт өңірде іске қосылуы балалар мен олардың отбасыларына заманауи оңалту құралдары мен мамандардың көмегін үйден алуға мүмкіндік береді. Үй жағдайындағы оңалту мамандандырылған орталықтардағы көмектің орнын баспайды. Керісінше, орталықта үйренген жаттығулар мен дағдыларды үйде жалғастырып, бекітуге көмектеседі. Осылайша бала оңалту курстарының арасында да қажетті жаттығуларды үзбей орындай алады.

https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1278727?lang=kk

Солтүстік Қазақстанда мүгедектігі бар балаларды сүйемелдеудің жаңа тәсілі енгізіледі

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп, үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет алып жүрген мүгедектігі бар балаларды сүйемелдеудің жаңа жобасын іске қосады.

Енді балаларға үйде көрсетілетін үйреншікті әлеуметтік қызметтермен қатар, бейінді мамандардың қашықтан көмегі де ұсынылады. Бұл тәсіл балалар мен олардың отбасыларына қажетті көмекті қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Әсіресе аудан орталығынан немесе облыс орталығынан шалғай елді мекендерде тұратын отбасылар үшін мұндай қолдау маңызды болмақ.

Жобаның алғашқы кезеңінде мүгедектігі бар 180 балаға дейін қамту жоспарланып отыр. Қатысу ерікті түрде жүзеге асырылады. Ол үшін баланың заңды өкілінің жазбаша келісімі қажет. Барлық балаға бірдей тәсіл қолданылмайды. Әр баланың жағдайы жеке бағаланып, қажетті көмектің түрі мен көлемі соған қарай белгіленеді.

Әлеуметтік қызметкер алдымен балаға қандай көмек қажет екенін анықтайды. Одан кейін бейінді мамандармен бірге отбасыға көрсетілетін көмектің түрі мен тәртібін белгілейді. Қай маманның қашан кеңес беретіні, балаға қандай тапсырмалар берілетіні және қандай ұсыныстар жасалатыны да осы жоспарға енгізіледі. Баланың жағдайына қарай сүйемелдеуге логопед, психолог, дене медицинасы және оңалту дәрігері, оңалту маманы, әлеуметтік оңалту маманы және басқа да қажетті бейінді мамандар тартылады. Осылайша әр баланың нақты қажеттілігіне қарай бірнеше маманның көмегін қамтитын кешенді қолдау көрсетіледі.

Мұндай тәсіл әсіресе шалғай елді мекендерде тұратын отбасылар үшін тиімді болуы мүмкін. Қазір тар бейінді маманнан кеңес алу үшін отбасыға аудан немесе облыс орталығына

баруға тура келеді. Ал қашықтан кеңес беру арқылы қажетті ұсыныстарды үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік бар.

Жаңа тәсіл осындай сапарлардың қажеттілігін азайтуға бағытталған. «FSM Social» цифрлық платформасы арқылы мамандар отбасыларға қашықтан кеңес бере алады, жеке тапсырмалар мен ұсыныстар жібереді, отбасының кері байланысын алады және баланы сүйемелдеу нәтижелерін бақылап отырады.

Бұл ретте маңызды жайтты атап өткен жөн. Жаңа цифрлық тәсіл үйде көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді алмастырмайды. Яғни балаға көрсетілетін қызметтердің көлемі азаймайды. Керісінше, қашықтан кеңес беру қосымша көмек ретінде енгізіледі. Бұл отбасыларға қажетті мамандардан тұрақты түрде кеңес алып, баланың жағдайына қарай тиісті қолдау алуға мүмкіндік береді.

Қатысушыларды дайындау және әр балаға жеке сүйемелдеу бағытын әзірлеу 2026 жылдың қыркүйегінде басталады. Жобаның негізгі кезеңі 2026 жылдың қазан айынан келер жылдың сәуіріне дейін жалғасады.

Ал оның әдістемелік жұмысына Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы жауап береді. Орталық бейінді мамандардың жобаға қатысуын ұйымдастырады, әлеуметтік қызметкерлерді дайындайды, күрделі жағдайлар бойынша мамандардың жұмысын үйлестіреді әрі көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалайды.

«FSM Social» цифрлық платформасының техникалық тұрғыдан дұрыс жұмыс істеуіне Еңбек ресурстарын дамыту орталығы жауап бермек.

Аталған жоба аяқталған соң Еңбек министрлігі жаңа тәсілдің тиімділігін бағалайды. Атап айтқанда, қашықтан көмек көрсету арқылы отбасылардың қажетті мамандарға қолжетімділігі, балаларға көрсетілген қолдаудың нәтижесі және бұл тәсілдің қызмет алушылар мен олардың заңды өкілдеріне қаншалықты ыңғайлы болғаны сараланады. Алынған тәжірибе Министрлік тарапынан үйде көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді одан әрі дамыту және цифрлық шешімдерді жетілдіру кезінде ескерілетін болады.

Осылайша, Солтүстік Қазақстан облысында үйде көрсетілетін әлеуметтік қызметтер мен мамандардың қашықтан көмегін ұштастыратын жаңа тәсіл енгізіледі. Негізгі міндет – бала мен оның отбасына тұрғылықты жеріне қарамастан қажетті қолдауды алуға мүмкіндік беру.

https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1278018?lang=kk

Кто такие фудкортницы, как они выглядят и сколько им лет

Как шутка из соцсетей стала новой субкультурой. В начале 2026 года в интернете завирусились ролики с участием подростков, которые собираются большими компаниями на фудкортах в торговых центрах. Такие компании заказывают минимум еды, занимают столики на несколько часов, громко общаются и иногда провоцируют окружающих на конфликт. Зародилась целая субкультура с общим стилем, привычками и даже гимном. Пользователи соцсетей окрестили ее представительниц «фудкортницами». РБК Life вместе с психологами разбирается в новом явлении: кто эти подростки, как они выглядят и как вести себя при встрече с ними.

Кто такие фудкортницы. Фудкортницы – это девушки-подростки, как правило, в возрасте 14-17 лет, которые собираются большими компаниями в зонах фудкорта в торговых центрах. Термин происходит от английского food court – «фудкорт», то есть место, где расположено несколько точек общепита. Встречаются также смешанные компании или состоящие из одних парней – тогда их называют «фудкортными».

Пользователи Сети дали представителям субкультуры и другие прозвища. Термин «настиксы» появился из-за того, что имя Настя оказалось одним из самых распространенных среди фудкортниц. Некоторые девушки активно используют его для названия блогов и каналов.

О явлении массово заговорили весной 2026 года, когда в соцсетях завирусились видео с участием подростков на фудкортах. Такие ролики набирали миллионы просмотров: их снимали и сами девушки, и возмущенные их поведением посетители торговых центров. Основная цель посещения фудкортов — не еда, а съемка контента для соцсетей и общение.

«Когда группа девушек шумит, хамит, ведет себя вызывающе, она использует эффект толпы. На фудкортах в торговых центрах как раз эта толпа есть, то есть некий бесплатный зрительный зал. И в этой группе девочки чувствуют себя защищенными, потому что теряется

индивидуальная ответственность. И они начинают себя вести гораздо смелее, агрессивнее, чем поодиночке. Главная цель такого поведения – это демонстрация превосходства, работа на публику».

Сколько лет фудкортницам. Средний возраст представительниц субкультуры – 14-17 лет. В основном это старшеклассницы, уже достаточно самостоятельные, чтобы ходить в торговые центры без родителей, но еще не начавшие работать. Встречаются среди них и 18–19-летние девушки, а иногда и девочки 10-13 лет.

«Слово «фудкортницы» сегодня – это скорее медийный ярлык, чем психологическое понятие. Под него попадают очень разные девочки: от совершенно благополучных до подростков с выраженными поведенческими трудностями. Важно понимать, что мы говорим не о «плохих девочках», а о возрастном феномене, который в отдельных случаях может принимать проблемные формы».

Стиль фудкортниц. У фудкортниц сложился узнаваемый визуальный образ, который пользователи соцсетей описывают как сочетание нескольких характерных элементов. Одежда – чаще всего свободные худи, широкие джинсы или трикотажные штаны, кеды или массивные кроссовки, балетки. В качестве аксессуаров выступают большие наушники, многослойные браслеты, кольца на всех пальцах и сумки-шоперы с мультяшными принтами.

Фудкортницы ориентируются на моду конца 1990-х и начала 2000-х, так называемый стиль Y2K – сокращение от Year 2000 («год две тысячи»). Вещи для образов они чаще всего заказывают на маркетплейсах или покупают в секонд-хендах – доступность одежды во многом определила массовость стиля.

Макияж фудкортниц. Макияж фудкортниц так же узнаваем, как и их одежда. По наблюдениям пользователей соцсетей, у представительниц субкультуры есть несколько характерных черт: плотный слой тонального крема, хайлайтер, тонкие черные брови, накладные или наращенные ресницы. Многие фудкортницы носят временные татуировки-наклейки, нарисованные или наклеенные звездочки на лице и пирсинг в губе, носу или бровях.

Макияж «настиксов» контрастирует с расслабленным стилем одежды – такое сочетание активно обсуждается в соцсетях. Пользователи часто отмечают, что лицо девушек-подростков выглядит «взрослым» и не сочетается с общей небрежностью одежды.

Гимн фудкортниц. У нового интернет-явления появился даже неофициальный гимн – трек «В клубе» рэпера Артема Бондарева из Ногинска, который выступает под псевдонимом Темный принц. Вирусной стала не сама композиция, а видео, на котором несколько девочек из Краснодара на фудкорте открывали рты под музыку, но не попадали в слова. Ролик собрал тысячи просмотров, породил множество пародий и закрепил за субкультурой название «фудкортницы». В апреле 2026 года девочек из видео пригласили в шоу «Хейтеры» на YouTube-канале «Бадабумчик» (платформа недоступна в России). В выпуске они рассказали о своей жизни и походах по торговым центрам. К августу видео набрало более 1,8 млн просмотров и почти 7 тыс. комментариев.

Как стать фудкортницей? Специально «становиться фудкортницей» не нужно. Это спонтанное явление: девушки-подростки собираются в торговых центрах, потому что так делают их подруги и так модно в их окружении. Психологи связывают это с повышенной подростковой потребностью в принятии группой сверстников.

«Почему девочки хотят стать частью сообщества, это вполне понятно: потому что если у подростка возрастной кризис (а это пубертат), если в этот момент он испытывает одиночество, если неблагополучная обстановка в семье, то влияние улицы и низкая самооценка идут рука об руку».

Почему фудкортницы собираются именно в ТЦ и на фудкортах? «Ответ очевиден: бесплатный доступ в ТЦ – там тепло, красиво и есть еда. Современные подростки почти лишились того, что было естественным для предыдущих поколений. Исчезли дворы, где можно было бесконечно общаться. Во многих местах подростков буквально выгоняют: «Не сидите здесь», «Не шумите», «Идите домой». Фудкорт остается одним из немногих общественных пространств, где они имеют право быть».

В чем потребность подростков собираться в большие, заметные и шумные компании и зачем им провоцировать окружающих?

«С точки зрения социологии и психологии агрессивное, противоправное поведение связано с тем, что, с одной стороны, нужна зависимость от сильного лидера (то есть

аддиктивное, зависимое поведение). С другой стороны — аутодеструктивное, разрушительное поведение, то есть попытка снять психологическое напряжение из-за того, что дома что-то не в порядке, делать нечего и за подростком никто не следит. Такие девушки хотят чувствовать себя нужными, важными, стремятся занимать четкое место в подростковой иерархии и ощущают желание чего-то добиться. Например, стать уважаемыми в сообществе, любым способом добиться уважения. Возможно, они не получают его в семье. И здесь они переходят грань: демонстративное поведение, эмоциональные качели, которые не укладываются ни в какую модель, создание конфликтных ситуаций – все это говорит, с одной стороны, о нехватке заботы дома, а с другой стороны, провокации становятся способом самоутверждения за счет энергии других людей».

«Подростничество – это возрастной период, задачей которого является самоутверждение личности. Самоутверждение происходит не иначе как в социуме, в сообществе подобных себе. «Кто я? Какой (-ая) я?» Чтобы подросток понял это о себе, ему необходимо проявляться в социуме. Этот процесс сложен и противоречив, но обязателен. Так зреет личность. И, да, кто-то самоутверждается, побеждая в олимпиадах, а кто-то, кому не дано блеснуть достижениями в социально одобряемых направлениях, самоутверждается, унижая других людей. Для подростка мнение взрослых перестает быть «обязательным к исполнению». Так проявляется этап сепарации: противостоять порядкам, которые много лет навязывали взрослые, дерзко, критически переосмысливать эти правила и порядки, чтобы определить границы дозволенного».

Почему многие взрослые испытывают страх и порой даже ненависть к внешнему виду и поведению фудкортниц?

«Те взрослые, которые ненавидят и боятся фудкортниц, как раз из тех, кто требует от других, чтобы все было по их правилам. А если это не так и они ничего сделать не могут, появляются неприязнь и страх. И именно этих людей фудкортницы подсознательно выбирают в качестве «жертв» приколов и насмешек. Адекватнее ведут себя взрослые, которые понимают психологические и социальные причины этого явления. Недаром же говорят: «Подростковый возраст – возраст временного психического помешательства». Просто следует относиться к подросткам с пониманием и терпением».

Как взрослым общаться с фудкортницами, когда те провоцируют на агрессию?

«Важно правильно реагировать. Сохранять полное хладнокровие, потому что эмоции – страх, возмущение, попытка договориться — это то, чего добиваются агрессивные компании. Спокойствие лишает подпитки. Нужно игнорировать демонстрационное поведение, не смотреть в их сторону, не реагировать на смех, громкие реплики, какие-то косые взгляды и не вступать в прямой конфликт. Потому что попытка сделать замечание агрессивной группе часто приводит к обострению и встречному хамству. Вместо этого нужно привлечь администрацию заведения. Потому что решать проблемы с порядком – это прямая ответственность фудкорта и сотрудников кафе и охраны торгового центра. Вы можете попросить вас пересадить. Если есть свободные столы, просто уходите из зоны видимости и слышимости. Рекомендую зафиксировать нарушения на видео. Если ситуация накаляется, переходит в плоскость угроз, незаметно включайте камеру. И лучше вызвать охрану и полицию, не дожидаясь явного хулиганства, порчи имущества, оскорблений. Чего делать категорически нельзя – пытаться пристыдить или перевоспитать, потому что в кураже они не воспринимают ни логику, ни мораль. Наоборот, подростки могут чувствовать себя победителями. Нельзя отвечать хамством на хамство, это сделает вас участником скандала».

Как вести себя родителям, которые поняли, что их дочь фудкортница и ведет себя агрессивно?

«Родителям можно предложить уточнить юридические границы дозволенного поведения и поделиться этим знанием с детьми. Если вы увидите, что поведение подростка на грани, стоит предпринять все возможные действия, чтобы помочь ребенку удержаться на стороне добра».

Как перестать общаться с деструктивной компанией? «Сказать «нет» так, чтобы друзья не осудили, можно. Можно сослаться на дела, занятость, занятия спортом. Необязательно использовать какой-то громкий манифест для девочки, которая не хочет больше быть частью сообщества. Не надо говорить «вы ведете себя неадекватно, я ухожу», это вызовет только агрессию. Лучше использовать внешние обстоятельства.

Для более смелых девочек возможен более прямой, спокойный отказ, если продолжают давить. Очень важно использовать стратегии переговоров, важно говорить через я-сообщения о чувствах, планах и без критики самой компании. Например, «мне стало скучно сидеть в торговом центре, я хочу попробовать заняться другими вещами» или «девочки, вы классные, но мне сейчас не хочется так отдыхать, я устаю от шума» и так далее.

https://deti.mail.ru/news/208844-kto-takie-fudkortnitsy-kak-oni-vyglyadyat-i

ТАРИХ
ИСТОРИЯ

От новой Конституции к новой системе власти: ответственность первого Курултая

Открывая первую сессию Курултая, Президент Касым-Жомарт Токаев заявил, что именно с этого дня начинается обновление политической системы Казахстана, передает агентство Kazinform.

Деятельность нового законодательного органа дает старт фундаментальным институциональным изменениям и укрепляет систему сдержек и противовесов. На первый созыв возложена особая ответственность: принимаемые законы должны быть справедливыми, понятными людям и соответствовать современным требованиям, а каждая норма, затрагивающая жизнь граждан, должна проходить тщательное рассмотрение и всестороннее обсуждение.

Выступление Главы государства обозначило и последовательность дальнейшего обновления институтов. После формирования структуры Курултая депутатам будут представлены кандидатуры Вице-президента и Премьер-министра, затем будет сформировано новое Правительство. Во второй половине сентября начнет работу Қазақстан Халық Кеңесі, который представит многообразие страны и получит право законодательной инициативы. По словам Президента, обновление ключевых институтов в сжатые сроки должно придать мощный импульс дальнейшим реформам.

Таким образом, первая сессия стала не формальным началом работы нового органа, а переходом от конституционной реформы к действующей системе власти. О том, насколько глубоко меняется модель государственного управления и от чего будет зависеть результат преобразований, рассказал политолог, PhD, ассоциированный профессор Гуманитарной школы Narxoz University Ермек Токтаров.

– **Президент заявил, что с начала работы Курултая берет отсчет обновление политической системы. Насколько глубоко однопалатная модель меняет государственное управление и почему ее нельзя сводить к изменению структуры Парламента?**

– Переход к однопалатному Курултаю действительно нельзя рассматривать только как изменение парламентской структуры. По новой Конституции начал действовать единый высший представительный орган, осуществляющий законодательную власть. В его состав входят 145 депутатов, избранных на пять лет по партийным спискам в общенациональном округе.

Этому предшествовала последовательная модернизация: конституционные преобразования 2022 года, изменение партийного и избирательного законодательства, усиление Конституционного суда и расширение политического участия. Инициатива Касым-Жомарта Токаева об однопалатной модели получила развитие на Национальном курултае, общественную легитимацию на референдуме и закрепление в новой Конституции. После выборов и открытия первой сессии созданная конструкция стала действующим институтом.

Поэтому завершился не весь процесс реформ, а его важнейший конституционный этап. Теперь систему будут оценивать по качеству законов, парламентского контроля и государственных решений. Президент подчеркнул, что законы должны быть справедливыми, понятными и прогрессивными. В однопалатной модели это особенно важно: институциональных фильтров стало меньше, поэтому возрастает роль комитетов, экспертизы, парламентских слушаний и профессионализма депутатов.

– **«Начало деятельности Курултая дает старт фундаментальным институциональным изменениям в системе государственного управления», – заявил**

Касым-Жомарт Токаев. Как новые полномочия изменят баланс между ветвями власти и наполнят практическим содержанием принцип подотчетности Правительства?

– Эта оценка имеет конкретное конституционное содержание. Курултай становится не только органом, принимающим законы. Он получает непосредственное участие в формировании важнейших государственных институтов и более сильные инструменты контроля исполнительной власти.

Премьер-министр назначается Президентом с согласия большинства депутатов. Правительство слагает полномочия перед вновь избранным Курултаем и несет ответственность как перед Главой государства, так и перед законодательным органом. Курултай вправе выразить Правительству вотум недоверия, заслушивать его членов и оценивать исполнение республиканского бюджета. Неутверждение соответствующего отчета также означает недоверие кабинету. При квалифицированном большинстве депутаты могут обратиться к Президенту по вопросу освобождения министра, не обеспечившего исполнение законов.

С участием Курултая формируются Конституционный суд, Центральная избирательная комиссия и Высшая аудиторская палата. Судьи Верховного суда избираются депутатами по представлению Президента.

Таким образом, формула «Сильный Президент, Влиятельный Парламент, Подотчетное Правительство» наполняется практическими механизмами. Но расширение полномочий одновременно повышает ответственность депутатов. Им потребуются сильные комитеты, качественная аналитика и способность профессионально оценивать бюджет, государственные программы и результаты работы исполнительной власти.

– Партия «Әділет» получила конституционное большинство, но в Курултае представлены еще четыре политические силы. Где проходит граница между устойчивостью законодательной работы и риском формализации парламентской дискуссии?

– Конституционное большинство позволяет последовательно реализовывать программу, поддержанную гражданами, и обеспечивает устойчивость законодательной работы. Однако оно не должно превращать Курултай в пространство формального подтверждения заранее подготовленных решений.

Партия «Әділет» получила 71,17 процента голосов и 110 из 145 мандатов. Это дает ей значительные возможности, но одновременно возлагает основную ответственность за результаты деятельности Курултая. Чем сильнее большинство, тем меньше возможностей объяснять недостатки законов противодействием других политических сил.

Роль парламентского меньшинства определяется не только количеством мандатов. Другие партии могут предлагать альтернативные решения, выявлять слабые места законопроектов, обращаться с вопросами к Правительству и участвовать в работе комитетов. После выборов политическая конкуренция должна продолжаться в форме профессиональной дискуссии.

Именно поэтому призыв Касым-Жомарта Токаева учитывать конструктивные предложения всех партий имеет практическое значение. Полезная инициатива не должна отвергаться из-за ее политического авторства. Принцип «Разные мнения – единая нация» предполагает не отсутствие разногласий, а способность обсуждать их по общим правилам и принимать решения в интересах государства и общества.

– Курултай, Правительство и Қазақстан Халық Кеңесі образуют новую систему взаимодействия. Как выстроить ее так, чтобы общественные запросы превращались в законы и конкретные решения, а полномочия институтов не смешивались?

– Обозначенная Главой государства последовательность показывает, что речь идет об обновлении всей системы взаимодействия государственных институтов. Курултай принимает законы, утверждает бюджетные решения и контролирует Правительство. Исполнительная власть отвечает за практическую реализацию государственной политики. Қазақстан Халық Кеңесі должен представлять этническое, региональное, социальное и общественно-политическое многообразие страны.

Особое значение имеет право Совета на законодательную инициативу. Благодаря этому предложения регионов, общественных объединений, профессиональных и социальных групп смогут переходить из общественной дискуссии в проекты законов, рассматриваемые Курултаем.

Потенциально возникает постоянная цепочка взаимодействия: Қазақстан Халық Кеңесі выявляет и формулирует общественные запросы, Курултай превращает их в законодательные решения и осуществляет контроль, а Правительство обеспечивает исполнение. Так обратная связь может стать частью повседневной работы государства.

При этом функции институтов необходимо четко разграничивать. Совет не должен подменять партии и депутатов, обладающих избирательным мандатом, а Курултай не должен брать на себя оперативное управление Правительством. Поэтому слова Президента о быстром обновлении ключевых институтов я рассматриваю как переход от преобразования отдельных органов к запуску целостной модели их сотрудничества.

Динара Жусупбекова

https://www.inform.kz/ru/otnovoy-konstitutsii-knovoy-sisteme-vlasti-otvetstvennost-pervogo-kurultaya-3ae4b3ca

ПРОЗА

Нағашыбек Қапалбекұлы

Томар

(әңгіме)

Біздің үй Алатаудың әсем бөктеріндегі биіктеу жота үстінде. Оның үшінші қабатынан Алматы алақандағыдай төменде анық көрініп тұрады.

Биыл қыс ерте түсіп, тау етегін қалың қар көміп қалды. Айнала түгел әппақ дүние. Ертеңгісін есік алдындағы қарды күреп тастап, жып-жылы үйге кіріп, жазу кабинетіме рахаттана жайғасамын.

Бұл бөлменің үлкен терезесі тау жақта. Анда-мұнда денем құрысып қалса, түрегеп жаттығулар жасаймын. Басынан ақ қалпағы түспейтін Алатаудың сең-сең биік шыңдарына қарап, көзімді тынықтырамын. Үйдегілердің бәрі тұра салысымен асығыс-үсігіс жиналып, жұмыстарына кетеді де, жалғыз өзім қалып, үстелге отырамын. Тып-тыныш мүлгіген тыныштық, төңіректі түгел ақ ұлпа бүркеп тастаған. Ауада екі күн бойы жапалақтап жауған қардың ызғары бар, суықтан дала бүрісіп тұр.

Ал, үй жұмақтай жып-жылы. Рахаттана шабыттанып, жазып жатқан романымның соңғы тарауын бітіруге құшырлана кірістім. Мен жазып отырған кезең – көшпенді ата-бабаларымыздың алапат соғысын суреттеп, көз алдымда керуен-керуен сапқа түзілген сарбаздар тізіліп, жауға беттеп келе жатты. Бұл әлемет қырғыннан бұлардың қаншасы тірі қалар екен?

Далада әлдене тоқылдағандай болды. Терезеге барып қарасам, біреу ағаш кесіп жатыр. Үйімнің айналасы қалың қарағай, шырша. Аспанға құлашын керген зәулім-зәулім бұл ағаштар аясына барсаң, ерекше жұмақ көктің иісі бұрқырап, кеудең толып, ғажап күйге бөленесің. Ай-шай жоқ сол ағаштарды кесіп жатқан бұл кім екен деп, киіне сала, сыртқа шықтым. Тобықтан ғана келетін етігімнің қонышынан қар құйылып кетті. Күрекпен жолымды тазалай аршып, әлгіге тақағанда ғана, анау маған тұтас бұрылды. Бұл әйел екен, әйел болғанда да кәужіреген орыс кемпірі. Үстінде ескі күпәйке, аяғында керзі етік, қолында кішкентай ғана қол ара.

Сәлемімді ернін жыбырлатып қана алып, маған қызыл жиек кірпіксіз сөнуге айналған көзімен ажырая қарады.

– Мына бір жай түскен ағаштың томарын кесіп алсам деп едім, – деді бірден.

– Оны қайтесіз?

– Үйде отын жоқ, соған...

– Қайда тұрасыз?

– Анау жақта, – деп сайдағы өзен жағасын нұсқады. Онда шүпірлеген құрқылтайдың ұясындай кішкене құжырхана-саяжай біткен қыс бойы бос тұрады да, жаз шыға тұрғындары құмырсқадай жыбырлап келе бастайды.

Ол жапақтап, қорқып қалған сыңаймен ақтала сөйлеп жатыр.

– Жалғыз тұрамын. Жылда орман-тоғай ішін аралап, құраған бұтақтарын рұқсат алып, отынға жинап алушы едім. Биыл күз бойы ауырып, ауруханада жатып, жаңа шықтым, – деп ол

бетаузындағы шұбырған терін сүртінді. Кемпірдің жүзін құмырсқаның ізіндей быжынаған әжім басқан.

Біз көшіп келген жылы осы ағашқа найзағай түсіп, өртеніп, шорт сынып, осы сорайған томары қалған. Кемпірдің арасын сұрап алып томардың түбінен кесе бастадым. Кішкентай ескі қол ара өтпейді, ары-бері мықшыңдап, әп-сәтте ентігіп тұрып қалдым.

Томар етегі жұмырланып, білеу-білеу, тасшеге қатты. Мұны бүгін-ертең әуелі бітіре алмайсың.

– Мен сізге отын апарып берейін, мынаны кейін біреуге кестіріп қоямын, - дедім.

– Оған төлейтін пұлым да жоқ.

– Ештеңе керегі жоқ. Мен қазір алып шығайын, – дедім де қорадағы баламның шанасына моншаға деп кесіп, жинап қойған ағаштарды тиеп, үстін бастыра байлап, сүйреп алып шықтым.

Күпәйкесі қолқылдаған кемпір сол орында әлі сүмірейіп тұр.

– Кәне, үйіңізге бастаңыз, - дедім.

Қалт-құлт етіп, дірілдеген кемпір, таяғына сүйенгенімен бір-екі мәрте тайғанақтап, сүрініп кетіп, тырп-тырп басып, екі шетінде саяжайлар қаптаған тар көшеге түсті.

Жарды жарып салған кезінде сырты көк сырмен сырланып, онысы әбден жеміріліп тозған тауықтың ұясындай ғана жапырайған үйге келіп, есігін ашты...

Үйде бір ғана бөлме, азынаған суық, жалғыз қисық терезе сыртын қар басқан, бұрышта темір керует, екі орындық, бір ағаш үстел.

– От жағып жіберейін, – деп пештің қақпағын ашып, әкелген ағаштарымды тұтата бастадым. Аядай бөлме тез жылынып, үстіне қойған жез шәугімдегі су да сақырлап қайнап сала берді.

Кемпір үстіндегі су-су күпәйкесін шешіп, пешке кептіре бастады.

– Шәй ішіңіз дейін десем, шәй бітіп қалып... – деп қынжыла тіл қатты.

– Ештеңе етпейді. Өзіңіз жаурап ауырып қалмасаңыз болды.

Ол шұбырған терін сүртініп, бір құтыдан дәрі алып ішті.

– Балаларыңыз бар ма?

– Бар ғой... Біреуі Санкт-Петербургте, біреуі Новосибирде. Шалым төрт жыл бұрын аяқ астынан қайтыс болды. Ол пысық еңбекқор болатын, үйдегі бар шаруаны тап-тұйнақтай етіп, тыным таппайтын. Шалым кеткелі күйім кетті.

Еңкіш тартқан кәужіреген кемпір булығып, көз жасын көрсеткісі келмей, пешке отын сала бастады. Үйден мүк, сыз бен саз иісі шығады.

– Биыл сексенге келемін. Ұзақ жас та ұзақ жол секілді адамды қалжыратады. Өшіп бітуге айналған өлеусіреген шам секілді өміріңнің мән-мағынасы қалмай, құр сүлдеңді сүйретіп жүрген тірі өлікке айналады екенсің. Баланы табасың, бағасың, кәртайғанда қураған ағаштай сені керек етпейтіні жанымды жейді. Екі ұлым да талантты, білімді болғандықтан дарынды балаларға арналған интернатта оқыттық, одан Мәскеудегі университетке түсті. Екеуі де атақты ғалым, үлкені Санкт-Петербургте дөкейдің қызын алып, сол жақта тұрып қалды. Ал кішісі Новосибірде әлі үйленбей жүр, атағы жетерлік ядерщик. Шалым өлгеннен кейін бір айдан кейін үлкенім келіп кетті, ал кенжем әлі келген жоқ. Телеграмма және кішкене ақша салып жіберіпті. Ол пұлға әкесінің бейітін жөндеттім, тоңазытқыш алдым, электрге қарыз едім соған төледім. Шал екеуміз де Алматылықпыз ғой, қалада дүңгірлеген кең үш бөлмелі үйіміз болған. Үлкен ұл үйленіп, пұл керек деп отырып алған соң, үйді сатып, бар ақшаны қолына бергенбіз де осы саяжайға көшіп алғанбыз. Содан кейін тұңғышым әкесі қайтыс болған соң, бір айдан кейін ғана келіп, қонақүйде үш күн жатты. Баяғы жарқыраған мінез, жарқылдаған талантынан жұрдай, араққа салынған, мүжіліп-үйтіліп кеткен, ештеңеге қызықпайтын, ештеңеге селт етпейтін маубасқа айналғанын көріп қатты торықтым. Жасына жетпей алым-салымы шыққан, түрі қураған жүгерідей тозған, олпы-солпы ол мүлде жат, қанша әңгімелескім келгенімен арақтан аузы босамады, теңкиіп өлген шошқадай ұйықтап жатады. Маған көмектеспек түгілі қайтарына жолпұлына менен ақша сұрайды ғой. Күн көріп отырған пенсиямды алып бердім. «Бойжеткен бір қызым бар, әйелім де профессор» дейді. Суреттерін көрсетті. Міне, біреуін сұрап алып қалдым, – деп кемпір жиектері кемірілген айнаның алдындағы бір жапырақ суретті әкеп берді.

– Баланы өз үйінде әке-шешесі бағып, тәрбиелеу керек екен. Біз бұл екеуін титтейінен физика-математика интернатына бердік, тек демалыстарында ғана келіп-кетіп жүрді. Келсе болды кітаптарынан көз алмайды, біз соған мәзбіз. Мәскеуде жүргендерінде тапқан-таянғандарымызды соларға салып, жіберіп тұрдық. Аралары екі-ақ жас қой, екеуі де сұңғақ, әкесі

секілді реңді, ірі денелі, толқын-толқын шаштарына бәрі қызығатын. Тұңғышымның шашы өлген тауықтың жүніндей жидіп, төбетаз болыпты. Ал, кенжемнің суретін көріп танымай қалдым, басында қылпық жоқ, тап-тақыр. Ядерщик болғандықтан шашы түгел түсіп қалыпты. Олар Мәскеуде жүргенде таныс-білістерімізге мақтанып, ұлдарым оқып жетілсе керемет ғалым болады деп мақтаныш сезімі бойымызды кернеп, талай-талай тәтті қиялдарға берілуші едік. Қалай университет бітірді содан олардан көз жазып қалдық. Үлкеніміз әуелі үйлену тойына да шақырмады. Келінді ертіп екеуі қол ұстасып келер, шал-кемпірге сәлем берер деп сағынып жыл күттік, сырғып бес жыл, ырғып он жыл, жылжып жиырма жыл өтті. Ақыры шал шыдамады, пенсиямызды жинап, саяжайымыздағы алмамызды сатып, жолға жиналды. Алдымен Санкт-Петербургке, одан кейін Новосибирге сапарға шықты. Сол жақтарға барып келісімен-ақ ұнжырғасы түсіп, аһлеп-уһлеп, ұйқысы бұзылып, берекеті кетіп, ақыры ауру айналдыра бастады. «Бәрі жақсы, екі бала да үлкен оқымысты-ғалым, саған дұғай-дұғай сәлем айтып жатыр. Көп ұзамай келіп те қалар» - деп мен сорлыны үміттендіріп қойды. Тек қайтыс болар алдында ғана «Марфуша, саған өте қиын, ауыр болатын болды-ау. Балаларыңнан үміт үз. Тамырсыз ағаш тез құрайды. Біздің ұлдарымыз бізді мүлде ұмытыпты. Қап, қап, әттеген-ай!.. Оларға сыртта емес, біз үйімізде өсіріп, тәлім-тәрбие беруіміз керек еді. Мен қуанып барып, олардан түңіліп, шошып қайттым. Баяғы біздің балалар жоқ, суық, бөтен, мүлде жат болып кеткен кеспірлерін көріп ішім қанжылады. Марфуша, өзің берік бол! Қап, әттеген-ай!» – деп жылап қоштасты.

Шал екеуміз елу бес жыл бірге тұрдық. Мына күпәйке сол Митрейдікі. Сол екі ұлға да жазда биыл қысқа көмір жоқ деп екі мәрте хат жазып жібергем. Түк хабар жоқ, телефондарын да көтермейді. Әлі хабарласпады. Пенсияма әлі үш-төрт күн бар, үйде азық-түлік те таусылды. Міне, тізеден қар жауып, күн азынап, суытып кетті. Қашанғы ауырасың, белімді буып, Митрейдің күпәйкесі мен етігін киіп, отын іздеп шыққан бетім еді.

Кемпір күрешкедегі қара судан екі-үш жұтым ішті де, пеш аузына тағы еңкейді.

– Сізді қалай атасам екен?

– Тетя Марфа дей беріңіз. Бәрі солай атайды. Сізді әурелеп, басыңызды қатырып жіберген жоқпын ба, не болса соны айтып.

– Тетя Марфа, мен демалыста үйде отырғанмын. Ештеңеден қам жемеңіз. Көмір де түсіріп беремін, азық-түлік те болады. Мен соларды алып келейін, - деп шығуға беттедім.

– Сізді әурелеп, көп сөйлеп кеттім бе? Томардан басқа құраған отын жоқ, соны кесіп әкеліп отқа жағайын дегенім ғой, – деп кемпір күрк-күрк жөтеліп, тұншыға жылады.

Жүйкесі жұн, жігері құм болған бейшара мүсәпір әжей пештің аузына кіріп кетердей құнжиып, бүкшиіп, екі иығы селк-селк етеді.

Жүрегім қанжылап, атқақтай соқты.

– Тетя Марфа, қамықпаңыз, қайғырмаңызшы. Мен қазір шоферімді шақырып, қалаға барып келе қояйын. Бәрі болады.

– Сізді әуре-сарсаңға салғаным үшін кешіріңіз. Өмірі шал екеуміз біреуге қол жайып, көмек сұрап көрмеп едік... – деп орнынан тұра алмай бүгежіктеген кемпірдің арқасынан қағып, шығып кеттім.

Зеңгір аспан астындағы байтақ дала әппақ қарға қымтанып жатыр. Сәулесіз күн Алатаудан қиыстанып көрініп, шыңға ілініп қалғандай қызарады. Бөктеріндегі зәулім-зәулім шырша, қарағайлар ақ қардан бөрік киіп, күнге сәлем салып тұр. Таңғы ауа тұп-тұнық, сыңғырлап кеуде сарайыңды бірден ашады. Ағаштардан, беткейлердегі қалың тоғайдан әдемі әтірдей шайыр иісі аңқиды.

Бос шананы сүйреп келе жатып, осынау әдемілікке селт ете алмай мына кемпірдің жай-күйі, айтқан әңгімесі жүрегімді жылатып, жанымды егілтіп, ой тұңғиығына жетелеп әкетіп барады. Қайран әже, өз балаларынан опа таппай, енді жалғыздық азабын көріп, зар кешуде. Оқытты, шоқытты, ғалым болған ұлдары енді кәртайған әке-шешелерін тастап, біржола безіп кетті. Маймылдың басы ойнауға жеткенімен ойлауға жетпейді. Суы тартылған құдық секілді мейірім-шапағат атаулыдан жұрдай қатыгез балалары болғаннан болмағаны жақсы еді-ау.

Әппақ қарды қарш-қарш басып келе жатып, есіме сонау бір жылдардағы зар қағып, запыран құсып жүрген қасіретті шақтарым есіме түсіп кетті. Бір қайғы мың қайғыны қозғайды. Қайран әженің тіршілік қамытынан қажалып, қасіреттеніп кеткен суреттері көз алдыма келді. Ғұмыры жоқшылықтан, жетіспеушіліктен арылмай, қу жіліншегі аршылған ғұмырым санамда тіріліп, ұмытып кеткен, көптен бері есіме алмай жүрген сонау бір бордай езіліп, іштей боздаған күндерім зыр етіп миымды осқылап, жан-дүниемді қопарып, астаң-кестеңін шығарғаны-ай.

Екі көзімнен бұршақ-бұршақ ыстық жас әппақ қарға тамып-тамып кетті ғой. Өксіп-өксіп иен далада биік-биік шыршалар қойнауындағы жол бойында дауыстап жыладым кеп. Ақша қарды алып бет аузымды жусам да шер боп қатып қалған құрықсыз-сұрықсыз күндерім, жалмауыз ұйқысыз түндерім кинодағыдай сапырылысып, қатыгез өмірімнің сол бір шағы есіме түсіп, есеңгіретіп жіберді.

Ұмыта бастаппын ғой, мүлде есімнен шығарып жібергенмін бе? Мына бейшара кемпірдің тауқыметі есіме қай-қайдағы, жай-жайдағыны түсіріп кетті-ау...

Көзімнен жас шықпағалы да қай заман?..

***

Мектеп бітірер жылы үй салуға кірістік. Ерте көктемнен кірпіш құйып, кептіріп, жаз бойы екі бөлмелі там салып алдық. Колхоздан қарыз алып, үстін шифрлатып, еденіне ағаш тақтай төсетіп, іші-сыртын сылап, қара күзге қарай кіріп алдық.

Әкем жекешенің сиырын бағады, шешем колхоздың қызылшасында. Мектеп бітірісімен колхозға кіріп, құрлысшы болып, үшеуміз үш жақтан жыртығымыз жамалып, үйіміз бүтінделіп қалған шақта мені әскерге шақырды.

Таңертеңгісін армияға кетуге жиналып жатқанда шешем:

– Алматыға барып, инситутқа түсе алмадым-ау деп қынжылма балам. Алтын басың аман болса әлі талай тауға да шығысың, таудай армандарың да орындалады. Сен болмасаң мына үйді салар ма едік? Он құрсақ көтердім, төртеуін қара жерге бердім. Тұңғышым сенсің, енді қалғандарың аман болсын. Енді мына қанаты қатпаған балапандардай бес қарындасың саған қарап тұр. Әкеңнің жай-жапсарын өзің білесің – кәнтөжный, соғыстың зардабын өмір бойы тартып келеді. Ауа райы бұзылса «басым, басым» - деп зар илеп дөңгеленіп жатып қалады. Әкең аман болсын де. Әскерден келген соң сені оқытамыз, үлкен азамат боласың. Сені аудан орталығына – военкоматқа дейін шығарып салмаймын. Үйімізден күліп аттандырамын, екі жылдан кейін күліп қарсы аламын шырағым, - деп тандыр нанның шетінен бір тістетіп, есік алдынан күліп шығарып салды.

Аудан орталығындағы военкомат алды ығы-жығы толған халық. Әскерге баратын әр жігіттің қасында қора-қора шұбырған туыстары, дос-жарандары. Менің жанымда әкем мен менен төрт жас кіші қарындасым Әсемкүл және досым Айқымбай.

Соғыстың басынан аяғына дейін болған мүгедек әкемнің қоштастарда дауысы дірілдей қарлығып, көзі жіпсіп сала бергені. Титтейінен қолды-аяққа тұрмайтын, өткір, алғыр, томпақ Әсемкүл қарындасым «Аға, сізге хат жазып тұрамын, сізге арнаған мынау өлеңім» деп бір қағазды қалтама тықпалайды.

Біз мінген поезд бүкіл Сібір, Қиыр Шығысты иір-қиыр аралап Хабаровскіге он бір күнде ыңқылдап-гүрсілдеп әзер жетті.

Жол таусылмайды, уақыт шіркін өтпейді. Әсемкүлдің шақпақ жол дәптер парағына жазған үш шумақ өлеңін қайта-қайта оқимын. Маған көрсетпей, айтпай бұл қарындасым жасырып өлең жазады екен ғой. Қарашы, «асқар тауымызсың, биік бәйтерегіміз, аман барып, сау қайтыңыз жан аға» - депті.

Сонау Қиыр Шығыста шекарада күнге күйіп, түн қатып жүрген шақтарымда шешем мен қарындасымның сол бір ақ тілеулі бейнелері көз алдымнан кетпейді. От ішінде туған оттан қорықпайды, әлі көрерсіңдер бұл Қалиев талай-талай биіктерді алады. Тәуекел тау жығады, әке-шешемді үлде мен бүлдеге бөлеп, тамаша дәурен сүргіземін. Олар ұзақ, өте ұзақ жасайды, немере-шөберелерін ойнатып, рахат өмір сүретін болады. Иә, әлі-ақ көресіңдер...

Тәтті қиялға шомылып, шекарада күзетте жүргенде таңның қалай атқанын, уақыттың қалай зырылдап өтіп жатқанын байқамай да қаласың. Арманыммен талай-талай жерлерге кетіп қаламын. Аман-сау елге оралайыншы, содан кейін...

Амал не желмен жарысып, көлеңкеңді қуып жете алмайсың. Тәтті қиял санаңда жүргенімен тағдыр сені бұрап, сынап, қиратып, сындырып жібергісі келетінін білмейсің-ау...

Әскерде алты айдай болғанымда әзірейілдей суық хабар келіп, елге аттандым. Құлақтан кірген суық сөз жүрекке барып сірескен мұз болып, есімді жия алмай, көз жасымды тия алмай үйге келіп қайттым.

Қайран асыл анам... жүрек талмасынан бұл дүниемен қоштасып жүріп кетіпті. Басы кәужіреп, әппақ құдай шашы ағарған, кәртайып кеткен сорлы әкем, ұлардай шулаған бес

қарындасымды құшақтап, шешемді жоқтап күн жыладым, түн жыладым. Бейітіне боздап барып, боздап қайттым.

Апа-ау! «Мені күліп қарсы аламын» деп едіңіз ғой... Неге ерте, тым ерте мәңгілікке кетіп қалдыңыз. Әскерге аттанарда мейірлене құшақтап сүймеді екенмін, неге тапырақтап оқыра тиген танадай асықтым сонша. Күліп тұрып, мен кеткен соң, үйге кіріп төсегіне отырып алып өксіп-өксіп солқылдап жылапты ғой, жан анашым... Нені, нелерді ғана ойлады екен сонда?!».

– Шешеңнің саған арнап жинап жүрген дүниелері еді, – деп басы қалтылдаған әкем бір дорба берді. Оның ішінен етегіне менің атымды әдемілеп кестелеп тігіп қойған әппақ қардай шымылдық пен ақ орамал шықты. Баяғы әскерге кетерде мен шетін тістеген таба нан мен газеттерге шыққан мақала-өлеңдерімді де осында сақтапты.

Қайран, анашым-ай, мені үйлендірсем, ел құсап келін түсіріп, немере сүйсем-ау деп армандап кеп жүруші еді. Шешем түні бойы ұйықтамай кестемен етегіне менің атымды жазып тіккен ақ шымылдықты кеудеме басып, булығып, тұншығып, шерленіп, сағынып өксігенім-ай... Талай-талай арманым ішінде кеткен, жетем дегеніне жете алмай шерменде кеткен қайран әзіз шешем мынау жалған дүниеден тағдырдың теперішінен шыға алмай өттің-ау. Соңында басы-қолы дірілдеген кәнтөжный соғыс мүгедегі мүсәпір сорлы күйеумен әлі бауырын жазбаған балапандардай аңыраған бес қызы қалды. Үңірейген үйде шешемнің орны бөлек еді-ау...

Бір айналдырғанды шыр айналдырады дегендей, кесапат қырсық мұнымен бітпей сұғанақ сүмелек иттей тістелеп қыр соңымнан қалмай-ақ қойды...

Біздің үйге ажал әкелетін жаман түс көргенмін. Қап қара киінген қара шләпілі сыриған ұзын бойлы кісі, қара таяғымен мені түртіп тұрады. Бет әлпеті бұлыңғыр, құрықтай сұңқиған ұзын қап-қара плащ киген сол түсіме кіріп, таяғымен түрткілеп оятқан күні біздің шаңырақка бір әлемет қырсық кіретінін ұғып, жүрегім кеудемді жарып жіберердей дүңкілдеп, шошып жүремін.

Әскерден біржола қайтуға, дембілге төрт-бес ай ғана қалғанда осы қарғыс атқыр түсті тағы көрдім.

Жіңішке мұртты, замполит майор мені тағы шақырып алып әңгімені әріден бастап айта бастағанда-ақ бір сұмдықтың болғанын аңғардым. Телеграмманы көрсеткенде тұла бойым қалшылдап есіріктене ойбайлап тар кабинетте өкіріп жылай беріппін. Майор замполит құшағына қысып, арқамнан қағып, тұтыға сөйлеп көңіл айтты.

– Саған өте ауыр болды Қалиев. Бір жылда екі ауыр қаза. Командирге түсіндіріп самолетпен еліңе барып қайтуға рұхсат алдым.

Үйіміздің сұлбасын көрісімен іші-бауырым езіліп, жүрегім шырылдап, Әсемкүл қарындасымды жоқтап боздағаным-ай...

Көрші-қолаң үздік-создық келіп құшақтап көңіл айтып жатты.

Ертесіне әкем екеуміз жотаға шешем мен қайран арманда кеткен Әсемкүл қарындасымның бейітіне барып қайттық. Қос бейітті құшақтап өкіріп жылап-жылап, әбден сағынған сағынышым мен өкінішімді айқайлап айтып-айтып, топырақ болған үсті-басымды қағып-қағып орнымнан тұрдым. Қой белімді буайын, ес жиып, шаңыраққа қарайын деп шештім.

Әкемнің бетін әжім жауып, бүкшиіп, шалынысып әзер жүретін болыпты. Күлге шөккен кәрі ауру атандай жүріп-тұруы қиындап, кеудесін жарып уһлей береді. Уайым түбі тұңғиық, батасың да кетесің. Жылай берсең көз жасыңа көміліп ағасың да кетесің. Бір үйлі жан маған жаутаңдап қарап отыр.

Қазанға салатын ас та, қайнататын шәй де таусылған, үй-іші тозып, берекесі кеткен. Жығылғанға жұдырық демекші қызы өліп, қайғы жұтып отырған әкемнің мініп жүрген аты жоғалған. Колхоз жылқысын ұрлаттың деп оны мойнына салып, жұмыстан шығарып жіберген... Асы жоқ үйге ит те кірмейді, әкем кәңгіреп, меңіреуленіп кәрі шалға айналыпты.

Тастүйінделіп алып, сол жиырма күнім жиырма ғасырға татитын шығар, ширығып, зыр қағып жүріп бармаған жер, қақпаған есігім қалмады-ау... Ақыры үлкен екі қарындасым Ақмарал мен Бақытқүлді ауылдағы интернатқа, ал кішкентай Шолпан мен Фариданы қаладағы балалар үйіне орналастырдым. Әкемді кеңсеге күзетші етіп алдырттым, көрші ауылдағы әпкемнен бір қой әкеп сойып тұздап, кептіріп бердім.

Әкем араққа үйір бола бастапты, дүкен төңіректеп кететінді шығарыпты. Бетінде, көзінің астында үлкен тыртық пайда болыпты.

Бір кеште әкеме:

– Андағы бетіңе не болған? Арақ ішіп, тапқан олжаң ба? – дедім.

– Қайдан, қарағым. Өткен қыс жаман жұт болып, колхоздың бар малы қырылып қалды. Суықтан өзендегі су түгел қатып, адам кеудесіне жететін қар жауып, қыс өте созылып, ызғар боран ұлып тұрып алды. Азынаулақ жиған отын Жаңа жыл өтпей-ақ таусылып, төңіректен қураған ағаш іздеп кеттім ғой. Шешең өлгелі Әсемкүлім бір жағына шығып, тамақ пісіріп, от жағып, балаларды қарап жүруші еді. Шырағым-ай, өте пысық, шешесі секілді іскер, тындырымды еді. Маңдайымызға симай кетті ғой. Тиын-тебен табамын деп шөпшілерге ілесіп, колхоз жұмысына шығып алды ғой. Қорабынан түсе бергенде машина дүр етіп жүріп кетіп, тасжолға шүйдесімен құлап, тіл тартпай кетті ғой қайран қызым. Несін айтасың, қыс бойы Әсемкүл екеуміз қырқа-қырқаны кезіп, отын іздеумен болдық. Қалың қар басқан далада түк жоқ, колхоздың алма бағындағы қураған бұтақтары да таусылған. Несін айтасың, әзірейілдей қырық градус аяздан бір қора жан үсіп қатып өлетін болдық. Әсемкүл екеуміз колхоздың алма бағының ішіндегі қураған бір томарын қардан аршып, балтамен кесіп алайық деп ақтер болып жатсақ «найзағай» деп атап кеткен күзетші артымнан шауып жетіп келгені.

– Әй, ұрылар қолға түстіңдер ме! – деп бас-көз жоқ мені сабай жөнелді.

Бишігінің ұшына қорғасын құйдырып алса керек. Тура көзімнің астына ұшы тиіп, бетімнен қан сау ете түсті. Әсемкүлім қолымнан жетектеп алып ұшып Шәйкүл медсестраға жеткізіп, қан тоқтамай, аудан орталығына апарып, тіктіріп қайттық қой. Содан қалған тыртық бұл. Қыс қақағанда қоярға жер таппай қалтырап, дірілдеп есіміз шықты. Байқадың ба, мына үйдегі еденге төселген бар ағашты алып, жарып отын қылдық қой, – деп әкем ahлеп-yhлеп жер еденге тесіліп қалды.

– Міне, мынаны Әсемкүлдің жастығының астынан тауып алдық, - деп бір дәптер мен фотоальбом берді. Фотоальбомда бәріміздің суреттерімізді желімдеп, шет-шетін әдемілеп өрнектепті. Қалың қара дәптерге өлеңдер жазыпты. Көбісі – есіл кеткен анасына деген сағынышын, аңсағанын, жылағанын, одан кейін маған, сіңілілеріне деген арнаулары. Сегізінші бітіріп, тоғызыншы сыныпқа өткенде желкілдеп өсіп келе жатқан шақта он ұйықтасақ ойда жоқта бізді мәңгілік мұңға батырып кеткен ай жүзді қайран қарындасым-ай!.. Сені есіме алсам болды әлі күнге дейін өзегім өртеніп, көзімнен жас саулайды!

Ертесіне көрші Шәйкүл жеңешемнен қарызға пұл алып, есік алдына бір трактор қорабымен көмір түсірдім. Жақсы, мейірбан жандар әлемді ұстап тұр. Кейін, бастық – аудандық газеттің редакторы болып тұрғанда арнайы Шәйкүл жеңешемді іздеп келсем, үйінде екен. Әппақ борсықтай сұлу жеңешем басына кимешек киген әже болыпты. Басына шаршы орамал тағып, пұл ұсынсам алмайды, әйтеуір қалтасына тыққылап әзер бердім.

– Қали ағаңнан түрің аумай қалыпты. Күлиман әпкем қандай еді шіркін...

Пісірген тамағы, тоқыған шілтері, тіккен кестесі керемет еді-ау. Біздің үйдегі ағаң ашуланып сабайын дегенде әпкеме жүгіріп қасына барып тығылатынмын. Әпкеме ешкім қарсы келе алмаушы еді-ау, - деп бетімнен сүйді.

– Әкең де, шешең де бірге туған ешкімі жоқ жетім өскен ғой. Міне, сендер жетілдіңдер, солардың атын шығарып жүріңдер. Аман болыңдар, - деген ақ тілеуімен шығарып салды.

Шәйкүл жеңешем де бұл дүниеден өтіп, әке-шешемдер жатқан жотада мәңгілікке демалып жатыр.

Жиырма күннен кейін қайта әскерге кетерімде үйде жалғыз қалған соры қалың, бейнеті бес елі әкем жапақтап жылап қалды. Күні кеше шешем, Әсемкүл бастаған бес қарындасым, бәрі, бәріміз базар мен думан етіп, жаймашуақ күлкіге толтырып жүретін қарашаңырақ құлазып, қаңырап қалды. Шығар-шықпас жаны бар, қайғы басқан, өмір жүдеткен әкемнің есік алдында қураған томардай сорайып жападан-жалғыз қалғанын көріп қапаланып, езілгенім-ай... Бұл әкемді соңғы көруім екенін қайдан білейін?!

Мен жердің үстімен барып, қайғы-қасіреттен жердің астымен қайттым.

***

Уақыт шіркін зырылдап тоқтамайды. Өткен күндер, жылжыған жылдар бетіңе әжім, шашыңа ақ түсіріп, жасыңа жас қосып, балалы-шағалы болып шыға келесің. Бұл – өмір заңы.

«Бір қайғы мың қайғыны қозғайды» демекші көрші кемпірдің томар кесіп жатқаны, үй-іші, жағдайы – сонау бір жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп жүрген сүреңсіз бір шақтарымды еске түсіріп кетті.

Ертесіне түске салым Марфуша әжейдің үйінде шәй ішіп отырғанбыз. Ұядай бөлме іші ыстық, сырт киімді шешіп, рахаттана әңгіме-дүкенге кірісіп кеттік. Әжім торлаған бет аузындағы терін орамалмен сүртіп қойып, ол алғысын жаудыруда.

– Сізге мың рахмет! Кеше шоферіңіз азық-түлік әкеп берді. Кешке балаңыз бір машина көмір мен отынға деп жарылған ағашқа дейін әкеп тастады. Иегіме қызыл тимегелі қанша болды, ауруханадан шыққалы ыстық сорпа болса ғой деп жүруші едім. Кеше ет асып, терлеп-тершіп отырып ас іштім. Балаңызға нұр жаусын, екі білегін сыбанып, үйдің ыбырсыған заттарын жиыстырып, жуып-шәйіп, жаңа көрпе-жастықты кереуетіме төсеп, мына дастарханды берді. Жаман өлмелі кемпірге бола сонша әуре болғандарыңыз не?

– Марфуша әжей! Ештеңе етпейді. Менің әке-шешем біздің қызығымызды, үйлі-боранды болғанымызды көре алмай әттең ерте үзілді. Шынымды айтсам, сол ата-анамның замандасы Сізге қызмет істегеніме іштей қатты қуанып жүрмін.

Есік алдына тақай тоқтаған машина бипілдете бастады. Мен үстіме курткамды іле сала тез далаға шықтым. Белінде жолағы бар «Казпочта» деген жазулы жүрдек кішкентай ғана «Нива» машинасынан шыққан сөмке асынған егде әйел қолыма жеделхат ұстатып, қол қойдырды да, тез қайтып кетті. Қалың сыңсыған беткейдегі орманнан шайырдың жұпар иісі аңқиды.

Алақандай көк қағаздағы жеделхатқа көз салып, үстіме суық су құйып жібергендей селк ете қалдым. Марфуша әжейдің Санкт-Петербургтегі үлкен ұлы бір ай бұрын қайтыс болыпты. Университет проректоры оның қай қорымға жерленгенін ғана хабарлапты.

«Неге проректор мұны хабарлап отыр? Әйелі, қызы қайда? Жалғыз шешесіне табандатқан бір ай бойы естіртпей, айтпағандары қалай?..».

Миымды осындай ойлар найзағайдай соққылап өтті. Мына сіңіріне ілінген кәужіреген науқас меңдеген, жоқшылық түбіне жеткен кемпірге қазір естіртсем жүрегі тоқтап қалар. Әзірше мұны айтпай тұра тұрайын. Ас-су ішіп, емделіп күш-қайрат жинасын.

Үйге түк болмағандай кірдім.

– Мені іздеп келіп, асығыс өте керек құжаттарға қол қойдырып әкетті, - дей салдым, ішкі толқынымды жасырып.

– Шәйің суып қалды ғой, кел, қарағым ыстықтай құйып берейін. Күн де азынап, суып кетті ғой – деп кемпір жайбарақат шәй құйып, кесе ұсынды. Қандай орта, қандай жер болса да мен тамақ талғамаймын, жиіркену, менсінбеу деген менде әсте жоқ.

